«Бекітемін»

Мектеп директоры: ______

Ш.М.Айтжанова

# 2022-2023 оқу жылындағы педагог- психологтың жылдық есебі

Педагог-психолог: Сулейменова С.К

# « Ұялы ауылының негізгі орта мектебі » КММ психологының

## 2022-2023 оқу жылында атқарған жұмыстарының есебі

**Психолог қызметінің негізгі мақсаты:**

- оқушылардың жеке және жас ерекшеліктерін, тұлғааралығын өзара әрекет ерекшеліктерін зерттеу;
- оқушыларды психикалық және тұлғалық дамуындағы ауытқуларды болдырмау, жалпы оқу дағдысымен біліктілікті дамыту;
- педагогтардың және ата-аналардың қарым-қатынасын жақсарту, психологиялық-педагогикалық біліктілік дағдысын қалыптастыру.

**Психологиялық қызметтің негізгі міндеттері:**

- оқыту барысында психологиялық сүйемелдеу жұмыстарын жүргізу;
- оқушыларға, ата-аналарға және мұғалімдерге қашықтықтан оқыту кезіндегі бейімделуіне психологиялық көмек беру жұмыстарын жүргізу;
- оқу кезінде аутодеструктивті әрекет, отбасында тұрмыстық зорлық-зомбылық, құқықбұзушылық, кибербуллинг, буллинг және өзге де келеңсіз жағдайларды болдырмаудың алдын алу бойынша жұмыстар жүргізу (күйзеліске қарсы тұру, депрессияға ұшырауды болдырмау, өмірді позитивті қабылдау)
- Тұлғаның жеке және жас ерекшеліктерін, сондай-ақ тұлға аралық өзара әрекет ерекшеліктерін зерттеу, жан-жақты толық мүмкіндіктерін ашу.

**Мектебіміздегі психологиялық қызмет негізгі 5 бағытта (психологиялық зерттеу, психологиялық профилактика (алдын-алу), психологиялық түзету-дамыту, психологиялық кеңес, психологиялық ағарту) жұмыс жасайды**
**Психологиялық зерттеу мақсаты: Психологиялық алдын-алу.**

**Психологиялық диагностика**

Мектепалды даярлық және 1 сынып оқушыларының мектепке психологиялық дайындығын анықтау мақсатында психодиагностикалық жұмыс бағыты бойынша «Керн-Йерасик» тесті алынып, нәтижесі шығарылып қорытынды жасалынды.1 сыныпта жалпы 3 оқушы бар. Оқушылар мектепке бейімделген. Педагогикалық үлгермейтін, психологиялық дамуы тежелген оқу жоқ.

Бастауыш сыныптан 5-сыныпқа өткен оқушылардың орта буынға бейімделуін анықтауға байланысты жұмыстар жүргізілді. Оқушылардың оқу әрекетінде және сыныптастарымен, мұғалімдерімен қарым-қатынасында туындаған қиындықтарды анықтау мақсатында 5 сынып оқушыларынан «Үй, ағаш, адам» проективті әдістемесі алынды және Н.Г. Лусканова тесті алынып, оқушылардың бейімделуі қалыпты жағдайда екендігі анықталды. Оқушылар толығымен орта буынға бейімделген. Тұрмысы төмен отбасы мен мектепішілік

есепте тұрған оқушылардың әлеуметтік – тұрмыстық жағдайын зерттеу мақсатында әлеуметтік педагогпен бірге ата-аналарымен сұхбаттасып, үйлерін аралап акт толтырылды. Жеке тұлғаның кәсіби түрін, кәсіби саласын, мамандық таңдауға дайындығын анықтау бойынша 9 сынып оқушыларынан Климов сауалнамасы алынды, тренинг сабақтар жүргізілді, мамандық таңдауға байланысты кеңес беру жұмыстары жүргізілді. 5-8 сынып оқушыларымен Филлипстің мектептегі мазасыздық пен агрессия деңгейін анықтау мақсатында тест жүргізіліп, нәтижесі бойынша оқушылардың қобалжу деңгейі факторлар бойынша жоғары еместігі анықталды және мектепшілік «Оқушылардың бойындағы қобалжуды, стрессті, агрессивтілікті диагностикалау» үшін Г.Айзенк сұрақнамасы, «Кондаш бойынша Қобалжу» 6-9 сынып оқушыларынан сауалнама алынды нәтижесі бойынша оқушылардың бойында қобалжу, стресс деңгейі қалыпты екендігі анықталды. Мектеп оқушыларына сенім жәшігі туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Оқушылардың невротизация, тұлғалық қобалжу,қорқыныш, мазасыздық деңгейін анықтау, жеткіншектер мен жасөспірімдердің эмоционалдық –еріктік аймағын диагностикалаубойынша сауалнама , тесттер алынды. Нәтижесі бойынша аса қатты мазасызданып жүрген оқушылар анықталған жоқ. Оқушылардың көңіл күйі, психологиялық ахуалы қалыпты.

«Жасөспірімдердің физикалық және психикалық денсаулығын нығайту» мінез – құлқында ауытқулығы тақырыбында тәуекел топтағы оқушыларды анықтау жұмыстары жүргізілді. Нәтиже бойынша тәуекел топқа жататын оқушылар анықталған жоқ.

Әр сынып бойынша оқушылардың жеке психологиялық картасы толтырылды. Оқушы мен мұғалімнің қарым-қатынасын, оқушылардың мұғалімдерге деген көзқарасын анықтау мақсатында «Мұғалім оқушы көзімен» анкетасы алынды. Нәтижесінде мұғаліммен оқушы арасындағы қарым-қатынас жақсы деңгейде, оқушының жақсы тәрбие - білім алып, жетілуіне мұғалімнің ықпалы басым екендігі анықталды.

5-9 сынып оқушыларынан «Ағаштағы адамдар» проективті әдістемесі жүргізіліп, әр оқушыға жеке психологиялық талдау жұмысы жүргізілді.Сонымен қатар бастауыш сынып оқушыларының таным процесстері зерттеліп анықтау жұмыстары жүргізілді.
1 сынып оқушыларынан таным процесстері қалыптасып, есте сақтау, қабылдау, зейіні, ойлауы өте жақсы, қиялы, ұшқыр ойы, логикалық ойлауы, сөздерді құрастыруы да өте жақсы дамыған. «Кибербуллинг дегеніміз не?» тақырыбында 5-9 сынып оқушыларына анонимді сауалнама жүргізілді және оқушыларына кибербуллинг жайында түсіндіру жұмысы жүргізілді. Буллингтің алдын алу мақсатында оқушы, мұғалімдер, ата-аналар арасында баяндама оқылып,

видеороликтер көрсетіліп алдын алу жұмыстары жүргізілді. Кәсіптік бағдар бойынша диагностикалау бойынша 9 сынып оқушыларына Климов сауалнамасы алынды. Баланың бойындағы агрессия деңгейін анықтау бойынша 2-4 сынып оқушыларына «Кактус» әдістемесі жүргізілді. 4 сынып білім алушыларының орта буынға көшуінің дайындығын зерттеу, оқу мотивациясын анықтау бойынша Лускакованың «Мектепке қарым-қатынас» сауалнамасы алынды.

**Психокоррекция: түзету-дамыту**

Оқушылармен психокоррекциялық жұмыс психологиялық түрде дұрыс дамыған балаларға да, сонымен қатар оқу барысында, мінез – құлқында қандай да бір күрделі психологиялық мәселелері байқалатын балаларға да бағытталына алады. Алғашқы жағдайда дамытушы жұмыстың басым қолданылуы, ол екінші жағдайда – түзету (коррекциялық) жұмысының орындалуы жоспарланады. Толық әрі жан – жақты ұйымдастырылған түзетуші – дамытушы жұмыстың негізгі принципі – оқушыға ықпал етудің тұтастығы болып табылады. Жеткіншектермен жеке бас ерекшеліктерін дамыту және қарым-қатынасқа нашар түсетін оқушылармен «Дос іздеп жүрмін» түзету жұмыстары жүргізілді. Сыныптағы достық атмосфераны қалыптастыру, орта буынға бейімдеу мақсатында «5 – сынып дегеніміз не?» 5 сынып оқушыларына тренинг сабақ өтілді. 1 сынып оқушыларын мектепке бейімдеу мақсатында «Алақай, мен оқушымын!» тақырыбында тренинг сабақ өтілді. «Кәмелетке толмағандар арасында аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу» бағдарламасын жүзеге асыру аясында (Аутодеструктивті мінез-құлықты түзету сабақтары) «Мен өміріме, қажеттілігіме - жауаптымын», «Өзіңді таны» тақырыптарында түзету сабақтары өткізілді.

Бастауыш сынып оқушыларға эмоциялық көңіл-күйге арналған түзету-дамыту бағдарламасы жасалып 1 - 2 сынып өзіндік бағалау әдістемесі жүргізілді. Нәтижесінде оқушылардың өзіндік бағалауы «орташа», «жоғары» деңгейде екені анықталды. 1 сынып оқушыларымен жүргізілген «Мектептің суретін сал» әдісі арқылы баланың мектепке қарым-қатынасы мен мектептік қобалжу деңгейін анықталды. Сонымен қатар үйде оқытылатын оқушының үйіне барып ата-анасымен балалардың денсаулығы, тұрмыс жағдайын анықтау мақсатында кездесулер ұйымдастырылды.Үйде оқытылатын оқушыға мектеп әкімшілігінің атынан кішігірім сыйлықтар таратылды.

1-5-9 сынып оқушыларына бейімделу кезеңін жеңу үшін "Мен және менің әлеуметтік ортам". (Мектепке бейімделу кезеңі бойынша) тақырыбында оқушылар мен жеке және топтық түзету жұмыстары жүргізілді. Қарым-қатынас сағаттары: өзін-өзі бағалау деңгейлерін арттыру бойынша 5- 9 сынып оқушыларына тренинг өтілді. Оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытуға арналған жаттығулар жасатылды. Өзін-өзі бағалау әдістемесі жүргізілді. Оқушының мектепке деген көзқарасы, мектептегі белсенділігін, оқуға ынтасын, мектепте оқуға бейімделуінің деңгейін, сабаққа қатынасын анықталынды,

нәтижесі шығарылып оқушылырмен «Жағымды қатынас орната білу», Өзіндік бағаны дамытуға арналған жаттығулары зейінді дамытуға арналған жаттығулары, ес процесін дамытуға арналған жаттығулар. «Мен қапқа салдым», «Төртіншісі артық» «Сөйлемді аяқта» ойындары жүргізілді, мақсаты: логикалық ойлауды, есте сақтауды, зейінді дамыту, еріксіз зейінді дамыту, еске сақтау қабілетін, есту арқылы қабылдау қабілетін дамытуға арналған жаттығулар жүргізілді. Қарым-қатынасты дамытуға арналған жаттығулар жүргізілді.

Оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытуға арналған жаттығулар жасатылды. Өзін-өзі бағалау әдістемесі жүргізілді. Мектеп ұжымымен «Мен ғажаппын» тақрыбында тренинг өтілді. Кәсіби бағдар бағыты бойынша 9 сынып оқушыларымен " Мамандық өмір таңдауы" тақырыбында тренинг сабағы өтілді. 4 сынып оқушыларымен қорқыныш сезімінен арылуға және өз-өзіне деген сенімділікті арттыруға арналған түзету-дамыту жаттығулары жүргізілді. Жыл бойы ЕББҚ ететін балалардың жеке мүмкіндіктерін дамыту жаттығулары жүргізілді.

**Психологиялық кеңес.**

Оқушылардың өзіндік кәсіптік таңдауына психологиялық түрде қалыптасуға баулу, мамандық таңдауға жәрдемдесу. Оқушыларға кәсіби бағдар беру. Жасөспірімдерге өзіндік кәсіптік таңдауға көмек көрсетті, жеке тұлғаның ерекшеліктерін ұзақ уақыт бақылау арқылы оқушының қай бағытқа бейім екендігі, мақсатты бағыттылыққа жетекшілік ету. Көбіне оқушының бойындағы қандай кәсіпке бейімділігі бар екендігін анықтау ғана емес оқушы бойындағы жекелік сапаның дамуы, өзін тәрбиелеуі мен оқушының практикаға психологиялық түрде дайындығын анықтау.

Ата-аналардың, оқушылардың отбасындағы қарым-қатынас мәселелері бойынша ата-ана, оқушыларғакеңес берілді, жадынамалар таратылды. «1 және 5 сынып ата-аналарына психологиялық кеңес» тақырыбында ата аналар арасында кеңес беру жұмыстары жүргізілді, жадынамалар таратылды. «Бірінші сынып оқушыларының сәтті бейімделуіне жағдай жасау» бойынша 1 сынып мұғалімдеріне, «Орта буынға өту кезінде бесінші сынып оқушыларының сәтті бейімделуіне жағдай жасау» тақырыбында 5 сыныпқа сабақ беретін пән мұғалімдеріне кеңес беріп, жадынамалар таратылды.Оқушылардың бейімделуін зерделеу және танымдық саланы дамыту бойынша 1,5-сынып ата-аналарына, мұғалімдеріне кеңес берілді. Олимпиадаларға дайындық, ғылыми жобаларды, форумдарды. конкурстарды қорғау процесінде дарынды оқушыларға кеңестер берілді.

Ерте жүктіліктің алдын алу бойынша қыздарға кеңес берілді. Аутодеструктивті мінез құлықтың алдын алу бойынша мектеп мұғалімдері мен ата аналарына түсіндіру жүргізіліп кеңес берілді. Дарынды және қабілетті балаларды анықтау бойынша сынып жетекшілерге кеңес берілді. Үйден оқытылатын оқушылардың ата аналарына кеңес берілді.

«Өзіңізді және балаңызды болашақ емтихандарға қалай дайындауға болады» тақырыбында кәсіби бағдар бойынша ата-аналарға кеңес беру жұмысы жүргізілді. Мектеп бітірушілерге емтихан тапсыруға дайындық бойынша

Сонымен қатар «Салауатты өмір сүрсең-қызғалдақтай өнерсің » тақырыбында 8-9 сынып оқушыларымен жеке әңгіме, «Мен нашақорлыққа қарсымын» тақырыбында дөңгелек үстел жүргізіліп,оқушыларға салауатты өмір салтын қалыптастыруға байланысты пікір-алмасу барысында психологиялық консультация берілді.«Өмірдің қиын жағдайларына тап болған балалармен олардың отбасыларына дағдарыстық көмек көрсету және алдын алу бойынша оқушыларға кеңестер берілді.Психикалық денсаулықты сақтау бағдарламасы шеңберінде сауалнама нәтижелері бойынша оқушыларға консультация берілді. «Өз-өзіне қалай сенімді болуға болады?» тақырыбында тренинг өтіліп, кеңес беру жүргізілді. Ерте жүктіліктің алдын алу мақсатында «Қыз бала ұлттың ұяты, халықтың шырайы» тақырыбында қыздар жиналысы өткізілді.
Қазақстан Республикасы «Отбасы күні» мерекесіне орай, ата-аналарға арналған «Бала біздің болашағымыз» тақырыбында бала тәрбиесіне байланысты кеңестер жүргізілді.

Жыл бойы ата-аналардың, мұғалімдердің сұранысы бойынша балаларға арналған жеке кеңестер берілді.

**Психологиялық алдын алу және ағарту**

Оқушылар арасында Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу мақсатында «Аутодеструктивті мінез – құлыққа бейімді оқушылардың мінез – құлық белгілері» ата-аналарды ақпараттандыру жұмыстары жүргізілді.
«Буллинг. Оны қалай тоқтатуға болады?» тақырыбында баяндама, «Отбасы-тәрбиенің ұясы» тақырыбында тренинг сабағы өткізілді.
Қыз баламен ұл балаларға туындайтын әртүрлі қауіптіліктің алдын алу мақсатында қыз және ұл балалармен ағарту жұмыстары, ерте жүктіліктің алдын алу бойынша «Жастықтың өзі сұлулықтың, нәзіктіктің белгісі (Эстетика)» тақырыбында қыздар арасында психологиялық (түсіндіру жұмысы) тренинг сабағы өткізілді.

Оқушылар арасында «Зорлық –зомбылық-басқа адамның құқығын бұзатын өрескел мінез-құлық» тақырыбында видеороликтер көрсетілді. 5- 9 сынып оқушыларының құқықтық білімін анықтау мақсатында «Өзіңді қылмыскерлерден қалай қорғауыңа болады?» видеоролик көрсетілді. Оқушылар арасында "БУЛЛИНГ ДЕГЕН НЕ?" видеороликтер көрсетіліп, түсіндіру жұмыстары жүргізілді. «Психологтың кеңестері» айдары бойынша жыл бойына кеңес беру, жадынама жұмыстары жүргізілді. Мемлекеттік емтихандарға дайындық кезінде психоэмоционалдық асқынудың алдын алу мкасатында бітіруші түлектерге «Емтиханға қалай дайындалу керек?» тақырыбында әңгіме дәрістер өткізілді.

9 сынып оқушыларының мемлекеттік емтихандарға дайындық кезінде эмоционалды шамадан тыс жүктеменің алдын алу мақсатында «Емтихан алдында эмоционалды қысымды төмендету» тақырыбында сабақ өтілді, оқушыларға қажетті ақпарат кеңестер берілді.

**Педагогикалық ұжыммен жұмыс**

1 сынып мұғалімдеріне кеңестер берілді. Жас мамандармен «Мен ғажайыппын» тренингі жүргізіліп, жас мамандар сауалнамасы толтырылды. Сынып жетекшілермен сынып жетекшіге арналған карта толтырылды. Жас мамандармен психологиялық ағарту жұмысы жүргізіліп «Ұжымға бейімделу» тренингі өткізілді. «Сіз қандай ұстазсыз?» сауалнамасы алынып тренинг жүргізілді. Мектептегі барлық сынып оқушыларына сынып жетекшілерімен байланыса отырып жеке психолого-педагогикалық карта толтырылды.

Пән мұғалімдерімен байланыса отырып негізгі пәндер бойынша оқудағы үлгермеушіліктің себептерін анықтау мақсатында оқушылардың танымдық процестеріне психодиагностикалық әдістер жүргізілді. Психодиагностика арқылы ойлауы, зейіні, есте сақтауы,қабылдауы және қиялының деңгейлері анықталды. Нәтижесі шығарылып,пән мұғалімдеріне ұсыныстар жасалды. Әр үлгерімі төмен оқушыға психодиагностикалық зерттеудің нәтижесі бойынша қорытынды жасалды. Оқушылар мен мұғалімдердің қарым – қатынасын анықтау мақсатында сауалнамасы жүргізіліп мұғалім оқушы арасындағы қарым-қатынас деңгейін анықтау, оқушы мен мұғалімнің арасындағы келіспеушілік, оқушының бойындағы жағымды қасиеттің болуын, мұғалімнің оқушыны тәртіпке салу үшін қандай әдістерді қолданатынын анықталынды. Оқытушының дарынды балалармен жұмыс жүргізуге бейімділігін анықтау мақстында тест алынып, ұпай бойынша мұғалімнің дарынды баламен жұмыс істеуге бейімділігі бар екендігі, шығармашылық ынтасын оята алатындығы анықталынды.

Сонымен қатар жас мамандармен «Жас маманға психологиялық кеңес», «Менің ерекше қабілетім» тренингтері жүргізіліп, «Мен құрметтейтін ұстаз» «Кәсіби күюдің алдын алу» тақырыбында шығарма жазылды, шығарма барысында жас мамандар өздері құрметтейтін ұстаздарды тәлімгер ретінде көргісі келетіні және ұстаздық мамандықта тәлімгердің атқаратын маңызы зор екендігі айтылған. «Ойын арқылы баланың тілін дамыту» тақырыбында мұғалімдерге баяндама оқылды.

Сынып жетекшілерді диагностика нәтижелерімен таныстырылып түзету дамыту жұмыстары уақытында өткізіліп отырады. Оқушылар мен мұғалімдердің қарым – қатынасын анықтау мақсатында сауалнамасы жүргізіліп мұғалім оқушы арасындағы қарым-қатынас деңгейін анықтау, оқушы мен мұғалімнің арасындағы келіспеушілік, оқушының бойындағы жағымды қасиеттің болуын, мұғалімнің оқушыны тәртіпке салу үшін қандай әдістерді қолданатынын анықтау

Жыл бойы оқушылармен, мұғалімдермен, сынып жетекшілермен тығыз байланыста қарым-қатынаста жұмыс жүргізілді. Жас мамандармен психологиялық қолдау көрсету мақсатында психологиялық ағарту жұмыстары және қарым – қатынас, сенімділік тренингтері жүргізіліп отырды.

**Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу жұмыстары бойынша есеп:**

Аутодеструктивті мінез-құлыққа бейім оқушыларды анықтау бойынша 8-9 сыныптардан Айзенктің «Тұлғаның психологиялық жағдайын анықтау» сауалнасы, 8-9 сыныптар «Стресс саған қалай әсер етеді» Э.Ховард әдістемесі 5-6 сынып оқушылпарынан Агрессияны анықтау мақсатында «Кактус» әдістемесін жүргізілді. 6 -9 сынып оқушылары арасында суициалды мінез – құлықты анықтау мақсатында тест жүргізіліп, мазасыздық деңгейі бар оқушылармен ағарту жұмыстары жүргізілді. Жасөспірімдер арасындағы өзіне-өзі қол жұмсаудың алдын алу мақсатында «Мен өмірді таңдаймын!»туралы тренинг өткізілді. Оқушылар арасында жағымды эмоционалдық жағдай қалыптастыру, оқушылардың ішкі сана сезімін түсіну, өзін-өзі қол жұмсаудың алдын алу, өмірге құлшынысын ояту. «Мен өмірді сүйемін» тақырыбында 5-6-7-8-9 сынып оқушыларына баяндама оқылды.өзіне-өзі қол жұмсау қолайсыз жағдайларға, үлкендер тарапынан болатын қысымдарға, кейде педагог мамандардың әдепсіз қылықтарынан, достары мен сыныптастарының дау дамай мәселесі, өзара реніш, жағдайда туындайтындығын көрсетті. 7-9 сыныптар аралығында «Пікірталас жанжал емес!» тақырыбында психокоррекциялық сабақтар өткізілді.

Ата-аналар жиналысы барысында «Аутодеструктивтік мінез-құлықтың белгілері мен зардаптары» жайлы баяндама оқылды. Өзін-өзі қол жұмсау мінез-құлық ішкі және сыртқы жоспарда көрініс табады. Суицид әрекеті-өзіне-өзі қол жұмсау әрекеті мен аяқталған суицидті біріктіреді. Суицидтің үш түрлі топқа бөлінетіндігі жайлы да, мінездің ашулы, байбаламдық сипаттында жеке бас қарым-қатынастың кесірінен болатын жағдай екені айтылды. Құқық бұзушылықтың алдын-алу барысында оқушылардан «Бопсалау дегеніміз не?» қалай түсінетінін, жоғарғы сыныптардан әлімжетік, жәбір көріп жүргенін білу, анықтау жұмыстары, «Қылмыс неден басталады», «Біз неге құқылымыз» сауалнамалары алынып оқушылардың құқықтық білімдерін анықталды.

Мектеп оқушыларына зорлық зомбылық туралы «Зорлық-зомбылық дегеніміз не?» тақырыбында түсіндіру жұмысы жүргізілді. «Ашу-ыза билегенде не істеу керек?», «Өзіңді қорғаудың 8 тәсілі» тақырыптарында оқушыларға кеңес берілді. «Реніштен арылу» және «Ой, сезім, мінез-құлық» тақырыптарында тренинг өтілді.

«Сенім жәшігі» жұмыс жасап, түскен хаттар талқыланып, керек жағдайда мектеп әкімшілік кеңесінде қаралды. Мектеп директорының тәрбие – ісі жөніндегі орынбасары, әлеуметтік педагог, оқуісі жөніндегі орынбасарларымен тығыз байланыста болып жұмыстар өз деңгейінде жүргізіліп отырды.

Мектебіміздің психологиялық қызмет жүйесінің атқарар істерінің ауқымы мол. Мектепте оқушылар, мұғалімдер, ата-аналар деп аталатын санаттарды қамти отырып, психологиялық қызмет оқу – тәрбие үрдісін жақсартуда, ұжымда

жағымды психологиялық ақуалды орнату мақсатында психологиялық сүйемелдеу жұмыстар жүргізіліп, өз үлестерін қостық. Қазіргі таңдағы бүкіл әлемдік пондемияға байланысты психологиялық сүйемелдеу жұмыстар әлеуметтік желілер арқылы онлайн түрінде жүргізіліп отырылды.

Қорытындылай келгенде күтілген нәтижелер орындалды деп есептеуге болады, дегенмен толықтыратын жұмыс баршылық. Келесі жылдық жоспарына, тәртібі қиын баламен, дарынды, үлгерімі төмен оқушылармен, ЕББҚЕ оқушылармен жүргізілетін жұмысты ары қарай жандандыру қажет.

Мектеп психологы: Сулейменова С.К